Адам дүниеге келгеннен дін бірге пайда болған. Ол өшпес шындық. Ойымның жалғасы ретінде М.Ж. Бұлұтай «Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды?» кітабынан қызықты пікірлер келтірмекпін: «Дін дегеніміз тұңғыш инсан Адам Атамыздан бері қарай мәужүт нәрсе. Атақты философ Генри Бергсон: «Өткен тарихта және заманымызда ғылымды, пәнді яки фәлсафаны білмейтұғын инсан қоғамдарын кездестіруге болады. Бірақ, дінсіз ешбір қоғам болмайды» деген. Батыстық философ Уильямс Жеймс «Біздің ойымызша адам баласы ең соңғы күнге дейін құлшылығын жалғастырмақ» деген. Эрнест Ренан: «Сүйген нәрселеріміздің, дүниедегі өміріміздің және нығметтердің бәрінің жоқ болып кетуі мүмкін». Діндарлығымыздың жоғалуы мүмкін емес дейді. [1:88].

Дін адамның өзінің жаратылысындағы құпияларын анықтайтын, ғарыш құбылыс қозғалыстардың астарын түсіну үшін, сұрақтарға жауап іздейтін тылсым сезімнен туындайды. Демек, бүгінгі таңда дін мәселесі ерекше жандануда. Сондықтан мақалада қозғайтын тақырыбым XIX ғасырдың айғы - XX ғасырдың басында өмір сүрген. «Атадан балаға» мол рухани мұра қалдырған діндар Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – негізінен діни ағартушы – басты бағыты діни таным төңірегінен өрбіп жатыр. Осы жерде сұрақ туындайды.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында «дін» мәселелер қандай мақсатпен айтылған еді? Осы сауалға жауап беру үшін, біріншіден, туған жері, тәлім-тәрбие алған ортасы, ұстаздар туралы мәліметтерге сүйенуіміз керек. Екіншіден, оның танымдық, тәрбиелік негізіне арқауы не болғаны, немесе рухани ізденісінің түбі қайдан нәр алады деген сұрақтар бірінен соң туындайды. Мәшһүр Жүсіп еңбегіндегі діни таным оның әрбір айтар ойына, қозғаған мәселесіне, толғамына тірек қызметін атқаратына дәлелмен айтатын болсақ, өлендерінен үзінді келтірейік:

Адасып қалдық едік бұрынғы ізден.

Мақсұтқа шын түбінде жеткізүші,
Рахымын аяғын жоқ құдай бізден [2,56].

Бұл сөзде ойламаңыз бар деп жалған,
Аузыма сөздің шынын аллам салған. [2,73]

Бісімілла- сөздің басы, хақтың аты,
Молланың ақ қағазда қалар хаты [2,83]

Қараумен көзім талды түтініне,
Жаратқан түгел құдай бүтініне [3,4]

Ұлығы патшалардың – патша Құдай,
Дүниені бір дария ғып қойған солай!
Бұ жалғанның жүзіне келіп, кеткен-
Өтпекші бұл дариядан шулай-шулай! [3,11]

Бұл қайыр бір шыққан соң қолдан кетіп,
Құдайдың хазинесіне барар жетіп.
Бір қылған құдай үшін жақсылықтың,
Сауабын бітіре алмас ешкім бітіп. [3,151]

Мәшһүр Жүсіптің діни ойшыл, фәлсафашы болуына әсер еткен құнды негіздерінің келтірейік. Мәшһүр Жүсіп жасынан аул молдасынан діни дәріс алып, хат таныған. 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің орта медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. 1872-1874 жылдары Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Шығыстың ойшылдарының еңбектерімен танысады.

Мәшһүр 1887, 1885, 1907 жылдары үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бухара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Мәшһүр дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы, орыс және Батыс Еуропа мәдениеті. Рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Аттара, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше ықпалын тигізген еді: Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара т.б. Мақалада Мәшһүр Жүсіптің діни – ойшыл болуын, соған қалай келгенін,

өсіп-дамуын зерттеу мақсат емес. Келтірілген ақпарат тек кіріспе ретінде, яғни рухани өсуіне, діни жолға бет алғаны жөнінде түсініктеме.

Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, таңуы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы деректер берілген.

Мәшһүрдің дүниетанымы мен философиясының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла, нәпсі, инсани-камил, ақиқат, фана, о дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни- философиялық көзқарастарының түпкі тамыры – Алла тағала, оның расулы Мұхамед (с.ғ.с.)

Мәшһүрдің дүниенің жаратылуы, ғарыш, ислам және жер денелері, адам қалай жаратылғаны туралы ойларын «Жер мен Көк» (1894) қисасында былай баяндаған:

Екі күн-жер, екі күн көк жаратты,
Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты.
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,
«Пендеме ғибрат болсын!» - деп жаратты [4,113]

Ал, жаратты аспанға ай менен күн,
Әуел баста екеуін қылыпты тең.
Айдан алып Жебірейіл, күнге беріп,
Күнге күндіз жаратты, ал Айға-түн.. [4,117]

Әуел басты болмағы нұрдан екен,
Нұр билеп соның бәрін тұрған екен.
-Кімнен сені жасайын? – дегенінде,
Нұр ықтияр топырақты қылған екен.

Топырақтан жаратам Адам! – дейді,
-Жебірейіл, бұйырамын саған! – дейді.
-Бар-дағы Мағриб, Машрих ортасынан,
Бір уыс топырақ алып кел маған! – дейді. [4,119]

Фәлсафашы Мәшһүр Жүсіп дүниені жаратушы, Алла тағаланың жаратылысты жұптық негізінде көрсетеді. Ұлы Абай айтқандай: «Махаббатпен жаратқан адамзатты» Мәшһүр де дастанында ерекше сүйіспеншілігімен жазған еді. Қарапайым тілімен ақын ішкі дүниесін жеткізе білген.

Мәшһүр Жүсіп Аллаға, пайғамбарымыз Мұхамедтің Алла расулы екендігіне, көміл сенген діндар, ғұлама. Діни еңбектерінде ислам

қағидаларына, борыш – парыздарына жан-жақты түсінік береді. Ол діни құндылықтарды насихаттау мақсатымен қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрларына қалай ие болуын уағыздайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» еңбегінде ойландыратын терең ой-толғамдар, фәлсафалық ой-түйін, рухани құндылықтар туралы деректер берілген. Кез келген діни тұрғысынан ойшылдың еңбегін оқысақ, ислам әлемі туралы білімі бір тұншық, өте терең де және жан-жақты. Оған күмәніміз жоқ. Тіпті әлемдік дін мәселелерінде тоқтасақ та, олардан хабары жетік. Оған куә болатын діни-ғылыми шығармалары. Жоғарыда аталған еңбегінен үзінділерді дәлел айтылған ойларға дәлел болсын деген ниетіммен келтірмектін:

Құдайым жексенбі күн Жер жаратты.
Жер-суды әуел бастан бір жаратты.
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен
Түріндей текеметтің түр жаратты.

Аспан – биік, жер-төмен, тау, тас-қатты,
Ат аяқты болғанда, құс қанатты.
Заһардан бал, тікеннен гүл шығарып
Жұма күні жаратты адамазатты.

Құдыретпен он сегіз мың ғалам болды,
Бәрі-қабық, маңызы адам болды.
Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,
Жаралып алты күнде тәмам болды [5,7].

Адам баласы ақылымен, сезімімен бір жаратушы күштің (Алланың) бар екенін білсе де, оның бұйырған нәрселері мен тыйым салған нәрселерінің кейбір жағдайларын (түсініктемелерін) не екенін біле алмайды. Оны Алла тағала тек пайғамбарлары арқылы, солардың дәнекерлігімен ғана білдірген. Адам баласына бұл дүниеде, ахиретте бақытқа ие болудың жолдарын баян еткен.

Діндар Мәшһүр Жүсіп пікірінше: «Алла тағала бізге көптеген нығыметтер (тіліктер) берген. Олар: осы дүниеде бар болып, тірі жүруіміз он екі мүшеміздің сау болуы: жеген тамағымыз, алған деміміз, жасаған өміріміздің әр қайсысы Алланың бізге берген игілігі, жақсылығы, несібесі». Аллаға жан –тәнімізбен, малымызбен құлшылық етіп, бүкіл әмірлерін орындап тыйым салған нәрселерінен тиылуымызды «ғибарат» деп атайды. Ғибарат Аллаға ғана істеледі. Ғибарат иманды қорғайды әрі нығайта түседі. Құран көрімде «Әллазина аману уағамилүссалихати» (6:6) деген сөз алпысқа жуық қайталанады. Мағынасы: иман келтіріп түзу – ғамал

істеген делінген түрде иман мен ғибарат тіркеліп отырады. Сондықтан әрбір мұсылманның осыларды айырып, нақ білуі фарыз. Осыны білуді «ғылым хал» деп атайды.

«Ақыреттің егіні» шығармасында жоғары айтылған ойларға Мәшһүр Жүсіптің ой-өрнектеріне дәлел ретінде беріледі:

Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,
Тірлікте ғибарат қып, хаққа шын!
Бұл күнде жамандықтан тыйлыңыз,
Алланың көрем десең жұмақ үйсін.

Шайтанмен тіршілікте боламыз дос,
Қылыңыз ғибаратты құдайға қош.
Қиындық толып жатыр алдыңызда,
Бұл күнде жүргеніңнің бәрі де бос [7,19].

Бұл сөзім бір насихат қарындасқа,
Түп-түгел үлкен-кіші, кәрі-жасқа.
Жеткеше басың жерге ғибадат қыл,
Сұрақ жоқ айтатұғын мұнан басқа [7,27].

Ал Мәшһүр Жүсіптің діни фәлсафасына келсек дінге насихаттау, халықты Аллаға құлшылық етуге, дін жолына түсіп оны үгіттеу, жалпы ұлттық болмыс- бітімді сақтаудың бір барысы болғаны шындық. «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде былай дейді :

Құдайдың шын нансандар бірлігіне,
Ерлердің күш қосындар ерлігіне.
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,
Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне [2:63].

Ақын өлең жолдарында бірлік идеясын ортаға салады. Бұл маңызды тақырып. ойткені бірлік тұтқасы-дін. Ұлттық бірлігі болса тіршілік бар екендігі сөзсіз. Алғашқысында ұлттық бірлігі жөнінде ой қозғалса, кейінгісінде мұсылмандық бірлігі. «Бірлігі мұсылманның – ынтымағы» [2,64], - деген ұран сөздерімен іспеттес ой тастап, жай үндеу емес, тікелей іс-қимылға шақырады.

Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін,
Бас қосқан мұсылманның білімдісі [2,64]
Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,

Жолдас бол, сынап алып қостасыңды.

Баласы дін – мұсылман ұрандасып,

Қосыл кісі санына, қос басыңды [2:60].

«Дін» ұғымын Мәшһүр Жүсіп халықтың рухани болмысымен, білік – танымымен сабақтас алып қарайды. Халықтың белгісі – сол елдің рухани – танымдық санасының ең жоғарғы мәдени тіректеріне саналатын тіл, дін, ділден алыстауы. Ал ер- жұрттың сол уақытта айрықша рухани күйзеліс кезеңін бастап кешіргені еш талассыз шындық.

Патшалық Ресей үкіметімен жергілікті әкімшіліктің зұлымды саясатын өз көзімен көріп, терең сезініп, Мәшһүр Жүсіп өз еңбегінде әлгіндей өзекті мәселелерді көтеру заңды құбылыс. Және ақынның оны ешбір ауыспалы мағынасыз, айтар ойын ашық мәнінде жеткізе білген. Өлеңдерінде былай жырлайды:

Көз жасы жылаулының қабыл болып,

Мұсылман баласына тиді тізгін.

Ойға алсаң жақсылықты кеңеске кір,

Жүре бер, жақсылықтан күдер үзген [2,56].

Даярлап күнде алдыңнан қақпан-торын,

Шыңырау ғып сексен құлаш қазған орын.

Құранды қор, моланы бардай қылып,

Тырысты сөндіруге ислам нұрын [2,61].

Жұмысы партияның қуаттанды,

Қалың жұрттың жаман ырым жорасынан.

Ақша үшін аузы ашылған жүзқараңыз,

Сөзі жоқ айтар түзу турасынан.

Қор болған біздің қазақ қолы жетпей,

Баруға басқа ұлыққа құны жетпей.

Жібермей тұншықтырып басушы бар,

Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей [2,57].

Бүкіл өлең бойынан біз ойшыл Копеевтің елі үшін елжіреген жүрек үлпілін сезінеміз. Халқымен бірге күніренген, елін бостандық күнге жеткізуді аңсаған. Бұны Мәшһүрдің азаматтығы деп білеміз.

Мәшһүр ақынның көптеген өлеңдері терең фәлсәпалық толғынысқа толы.

Аузымнан қайтармаймын келген сөзді,

Сөйлесін, деп қойыпты тәңірім бізді [1,134].

Дүниемен болып жүрмін мен екі ұдай,
Әурелік балалығым бұрынғыдай.
Қараумен өз бойыма күнімді өткіз,
Басқаға көз салдырма патша-құдай.

Бұл ақынның діни- философиясындағы, жұмбақ тіршілікті жаратушыға бірінде жалбарыну, бірінде өзіне деген сенімділік басым болғанымен адамның танымдық мүмкіндіктерінің шектеулілігін мойындау, алла еркіне мойынсұну тұжырымы тамыр тартып жатыр.

Ақын Ұлы Жаратушыға сиынып келесі үзіндіде шын ықыласыменен ризашылығын білдіреді:

Ей Алла, айналайын бергеніңе,
Ғибратпен, шын ықыласпен көргеніңе!

Ақын өлендеріндегі басты мақсат
«Қуаттап алып жүрсе әркім дінін,
Өткізсе ғаділдікпен ай мен күнін»
-деген арман тілекті көздейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, аңыз дастаны «Ібіліс шайтан хикаясы» діни-ойшылдың сопылық ілімін терең біліп сезінетінін аңғартады. Осы арада: Сопылық ілімі (жолы) дегеніміз не? – деген сауал тұмақ.

Сауалға жауап берер алдында бір ойды ортаға салмақпын: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы діни – мистик, әрі әулиелікке тірі кезінде ие болғандарының бірі. Және де өмірбаянына көз жүгіртсек, таңқалдыратын, сұрақ тудыратын кезеңдер де аз емес еді. Жоғарыда айтылған ойымды нақтылайтын мысалдар келтірейін.

Өзінің қай жылы қайтыс болатынын туралы болжам беруі. Емшілік ерекше қасиеті. Елімізде болар оқиғаларды аян ретінде жеткізуі. Өзі айтқанындай: денесі 21 жыл бұзылмай жатқаны ойландырады. Ал сопылыққа көшсек, ислам ілімінің негізгі шариғаттың ішкі жағы, жетілген мұсылман болудың жолы.

Сопылықтың бастау алар-бұлағы-құран мен хадис. Сопылықтың жалпы фәлсафалық мағынасының түп тамыры – Алламен рухани, имани тұрғыдан «қосылу», жақындасу, дидарласу. Сопылық жолында «ихсан» деген ұғым кездеседі. Намық Кемал Зейбек өзінің «Йасауи жолы» еңбегінде «ихсан» ұғымына мынадай түсінік береді: « . . . Ихсан Алланы көріп тұрғындай құлшылық ету деген сөз. Сен оны көре алмасаң да, ол сені көріп тұр. Міне, сопылық мақсаты осы. . . Басқаша айтқанда, ихсан сопылықты білдіреді. Яғни, Алланы көріп тұрғандай құлшылық ету» [8:23].

Солай болса, сопылықтың мақсаты – ихсан, яғни адамды толық адам – «инсани камил» (толық адам-Алланың затының, сипаттары мен есімдерінің

айнасы) дәрежесіне жеткізу, нәпсінің қамалынан босату, тазалау.

Мәшһүр Жүсіп, «Ібіліс шайтан қикайсы» дастанында Ібілістің (әзәзілдің) дүниеге келуі, періштелер ханы болып сайлануы, адам баласына басын имендіктен шайтан атанып, адамды дұрыс жолдан азғыратын, нәпсісін өзіне қаратушы шайтан жолына түскен. Ібілістің өмірі туралы баяндалады. Дастанда шайтан іс-әрекетімен адамды жаман жолға итермілейді.

Жараттың жақсы-жаман екі айыр жол,
Адамның бір жағы-оң, бір жағы –сол!
Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,
Кімде-кім болып жүрсе өзіне құл! [7:11].

Қылып ең мені басшы жаман жолға,
Дүниеде себеп бол деп азған құлға,
Бермесен бұл ісіңе өзің жәрдем,
Оны мен түсіремін қалай торға? [7:12].

Джавад Нұрбахш «Великий демон Иблис» атты шығармасында «Иблис как низшая душа (нафс)» мақаласында Ібіліс туралы сипаттама берілген: «Некоторые суфийские мастера полагали, что Иблис – это низшая душа и ее склонности. Они усматривали сущность Иблиса в том, что он обретаётся в человеке и не имеет отдельного бытия.

Ежедневно страсти облакаются в триста шестьдесят различных Божественных одеяний, приглашая странника сойти с пути; однако пока страсть ко греху не проявится в человеке, Сатана не может проникнуть в сердце его и внутреннее бытие.

Когда предрасположенность к страстям возрастает, Сатана использует это и лелеет ее, пресецируя на сердце. Это и есть «покушение».

Таким образом, оно начинается со страсти, и это одно из наиболее подлых нападения. Поэтому на слова Иблиса, Клянусь Твоим величием, я соблазню их всех [цит. из кор. 38:82]. Господь ответил: «Поистине, рабы Мои, - нет для тебя над ними власти, кроме тех из заблудившихся, кто последовал за тобой» [цит. из кор. 15:42], [9:229].

Джавад Нұрбахштың айтуынша, үш Ібіліс- жанның төмен деңгейі, (нәпсі құмарлығы). Нәпсіқұмарлық күн сайын үш жүз алпыс, қабат киім киініп Адам өзіне билетіп, жаман жолға салады.

Нәпсі адамның ішіндегі шайтаны, яғни, оны жолдан аздыратын төменгі (қара) күш.

Бұзайын дал-дал қылып, қылып талқан,
Ерікті қыл қолымды, ашып дарқан.
Адамды тұзағыма түсіруге
Маған бер бұзылмайтын (үзілмейтін) бір мықты арқан. [7:12].

Болады кімге залал, кімге пайда,
Әр істің ықтияры бір құдайда.
Адамды тура жолдан аздыруға
Құдайдан сұрап еді күшті айла (хайла)! [7,13].

Ібіліс (шайтан) Алла тағаладан адамды торға түсірер, құшағына орап алар бір амал, айла сұрайды. Адам баласы нәпсі құмарына салынған, өз құштарлықтарының мөлшерін білмеген, нәпсісін тыя алмаған, өз еркі мен сезіміне ие бола алмаған, Алла жолынан безіп, шайтан жолына бір-ақ түскен. Құдай жолына, немесе нәпсі, шайтан жолына түсуін Адам баласы өзі таңдайды. Жақсылық пен жамандық, мейрімділік пен қатыгездік, қайырымдылық пен зұлымдық тәрізді қарама-қарсылықтардың бірін таңдауына байланысты адамның дүниедегі өмірінің рухани тазалығы мен байлығын анықтамақ.

Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі.

Дегенмен Мәшһүр Жүсіп дін фәлсафасындағы ең маңызды мақсаты толық Адам дәрежесіне жету (көтерілу), нәпсінің шаңдарынан арылту, болмыстың сырына жету, Аллаға қауышу.

Бір іске өкінбейсін деп ойласан,
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [2,93].

-деп нәпсіні тыюға, құмарлық ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Ислам дініндегі мистикалық, тақуалық және этикалық ұғымдар адамзатқа ортақ адамгершілік (кісілік) ұғымдармен біте қабаттаса көрінеді. Мәшһүр Жүсіп діни фәлсафасында: Сарандық, екіжүзділік, өзімшілдік, мақтаншақтық, еріншектік, дүние қоныздық, жалпы айтқанда нәпсіқұмарлық деген түсініктер таразының бір жағына қойылса, екінші жағында ішкі рухани тазалық, төзімділік, тәубашылдық, адалдық, білімділік, кісілік, әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік.

Мәшһүрдің түсінігі бойынша Жаратушының адамзаттық алдына қойған талабы,арнайы емтиханы, яғни таразының қай жағына Адам көңіл бөледі екен. Осы мәселе біздің заманымызда да өте күрделі. Барлық өміріміздің мақсаты, жетер шыны, құпиясы осы емес пе ?! Егер осы мәселені ортаға салып, сіздерге осындай сұрақ қойылса, қандай жауаптар болар еді? Бұл

мәңгілік сұрақтардың бірі: оны ХІХ ғ аяғы-ХХғ басында тек қана фәлсафа ақыны Мәшһүр Жүсіп қойған еді дегенінен аулақпыз. Адамзаттың ұлы ойшылдарын осындай сұрақтар өмір-бақи әрқайсысында, мазалаған еді.

Айтылған пікірлеріне жасаған түйінім: әлем соғыстарымен салыстыруға келмейтін соғыстардың ең үлкені, керек болса, ұлысы –ол адамның ішкі дүниесіндегі (өз-өзімен) соғысы.

Мәшһүр Жүсіптің пайымдауынша, адамның осы өмірдегі шеткі мұраты-толық Адам (имани ками) болуға міндеттілігі. Бүкіл Жан дүниесімен, таза жүрегімен, ізгілікті іс-әрекетімен, тән мен Жан тазалығын ұштастыра отырып, Аллаға мың ықыласпен сеніп, құлшылық еткен адам- жолына түскендердің бірі деп саналады. Мәшһүр Жүсіптің ой- толғамдарында:

Түгел Адам болуға талап қылсақ,
Шала-жарты жандардан сырың жасыр [2:94].

Менің ойымша, Мәшһүр Жүсіптің «толық адам» - Аллаға шынайы сенім келтіріп, Алланың нұрына ие болған, оған шынайы беріліп құлшылық еткен, нәпсісін тыйған, құдайлық (махаббатқа) ғашықтыққа ұласқан, Құдай мен халыққа алдында борышын орындаған, жақсылықты мұрат тұтқан, өз-өзін тани білген жан.

Жалпы алғанда Мәшһүр дүниетанымы мен шығармашылығында діни фәлсафалық көзқарастары белгілі деңгейде көрініс тапты. Ойшыл Мәшһүр Жүсіптің рухани мұрасындағы исламдық негізі бар еңбектерінің көптігі және ислам ішіндегі мистикалық - фәлсафалық сопылық ағымының ерекше орын алуы-белгілерінің бірі. Бұны дұрыс түсінуіміз керек. Мәшһүр әлемін зерттеу, тану, іздену-болашақ парызымыз.

Фәлсафашы Мәшһүр Жүсіп шығармалары тұнып тұрған діни – фәлсафалық, тәлім-тәрбиелік, атадан балаға жеткен рухани мұра. Мақаламды өз заманының ғұламасы әулие Мәшһүр Жүсіп сөзімен аяқтағым келеді:

Ғалымға қылсаң керек жанды құрбан,
Бұл дүние соларменен түзу тұрған.
Жаратқан құдай артық ғұламаны,
Теп-тегіс іші-тыныс қылып нұрдан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Ж.Бұлұтай. Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды?-Алматы, Білім, 2000.-504б.
2. М.Ж. Копеев Таңдамалы. Екі томдық. 1-т.- Алматы: Ғылым, 1990.- 273б.

3. М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары 1-т.-Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.- 436б.
4. М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары 2-т.-Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.- 384б.
5. Сарыарқа самалы 8 тамыз, сейсенбі, 2000 жыл №93 (13190)
6. А.Ғ.Халифа.Ғибадатул-ислам.- Алматы: «Берен» МШК., 1994.- 128б.
7. М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары. 3-т. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.- 382б.
8. Зейбек Намық Кемал Йасаул жолы. («Түрік болу» кітабынан алынған мақалалар жинағы) А.Йасауи атындағы ХҚТУ Өкіметті Кеңес Басқармасы. «Отау» ғылыми зерттеу және аударма орталығы.- Анкара қаласы, 1998.- 113б.
9. Н.Джанвад. Духовная ницета в суфизме. Великий демон Иблис.-М.: Оптимус Лайт, 2000.-266с.

Резюме

В статье рассматриваются религиозно-философские взгляды Машихура-Жусупа Копеева. Раскрывается содержание религиозных понятий «шариат», «гибадат», «толық адам», «нәпсі».

Resume

The article deals with religious and philosophical opinions of Mashkhor Zhusip Kopeyev. The content of religious notions "shariat", "gibadad", "tolyk adam", "napsi" is revealed in this article.

ӘОЖ 323.011.5(574)

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМДЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ПРОЦЕСІНІҢ ДАМУЫ

С.Қ. Молдабаева

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қазақстан қандай мемлекет құрады, оның даму мүмкіндіктері қандай, іргелі ел болу үшін қандай міндеттерді шешу қажет, дағдарыстық ахуалдан шығу үшін, бірінші кезекте қандай шараларды іске асыруымыз керек деген сұрақтар барша қазақстандықтарды толғандыратыны шындық. Ғылыми

жұртшылық пен саяси элита да осы көкейкесті мәселелер төңірегінде үнемі ұсыныстар айтуда. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - Қазақстан постсоветтік кеңістікте бейбіт эволюциялық жолмен даму керек деген түйін бар. Эволюция табиғи, қоғамның объективті заңдылықтарына үйлесімді дамуы қолайлы. Бейберекет әрекеттер мен жасанды реформалар эволюциялық дамуға жетелемейді. Керісінше, эволюция қоғамдық даму үрдістеріне адекватты реформаларды жөн көреді. Қоғамдық даму тынысын ашатын реформалар оның дұрыс ырықта модернизациялануына әкеледі. Мемлекетгін ұдайы қозғалыстағы эволюцияға қол жеткізуі оның әлемдік, планетаралық даму үрдістеріне қосылуы деген сөз.

Аталмыш мәселелер Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030. Көркейу, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту» атты жолдамасында жан-жақты көтерілген. Елбасы бұл еңбегінде Қазақстанның бүгіні мен ертеңін қамтитын келешегін сөз қылады. Президент «Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты, кең масштабтағы әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар жүргізілуде, өркениетті келешек жасауға мүмкіншіліктер де жеткілікті», - деп көрсетеді. 2030 жылға дейін Қазақстан мемлекеті Ортаазиялық барысқа айналуда мүмкіндігі бар. Мемлекеттің мұндай образдық келбетін оның әлемнің дамыған мемлекеттері көшіне ілесуі деп ұғынамыз. Қазақстан Республикасы алдағы 33 жыл ішінде дағдарыстан толық құтылып, өз байлығына өзі толық ие болады. Ел технологиялық, электрондық, интеллектуалдық жаңару революцияларын іске асырады. Өркениетті парықтық қатынастар жолға қойылып, жаңа тұрпатты экономика, саяси-рухани құрылым мен әлеуметтік жүйе жасалынады. Президент өркениетті мемлекет жасауға бөгет болып отырған факторларға да жан-жақты талдау жасап, кемшіліктер мен қайшылықтар табиғатын аша отыра, қоғам ауруларының нақты себептерін бүркелемей көрсетеді. Дағдарыстың басты көзі - елдің социалистік экономикалық жүйеден нарықтық жүйеге өтуінде. Өтпелі кезеңнің табиғаты саң-алуан қайшылықтары мен қиыншылықтарын Қазақстан әзірше жеңе алмай отырғанын Елбасы жасырмайды.

Президенттің қазақстандықтарға жолдамасындағы пікірлеріне ортақтаса отыра біз елдің постсоветтік эволюциясындағы қазіргі шешілмеген мәселелер, қиыншылықтар және олардан өту жолдарына қатысты ойлармен бөліскен жөн.

Қазақстан Кеңес Одағының ыдырауы жағдайында саяси тәуелсіздікті аса қиындықсыз алды. Зор империяның соңғы кезіндегі ахуал біздің ел үшін өте қолайлы болды. Соның нәтижесінде егемендікке ұмтылыс істері қауіпті қалыңсыз, тыныш өтті. Шаруашылықты, мәдени-рухани өмірді күйретерліктей ауыр салдары бар төтенше жағдайлар мен оқиғалар болған жоқ. Тек, Одақ күйреуімен қабаттаса өрістеген өзара экономикалық байланыстардың үзілу үрдісі ғана бұрынғы республикалардың барлығына

бірдей ауыртпалық артты. Шаруашылық өмірдің құлдырауының объективті себебіне айналды. Елдің геосаяси, демографиялық жағдайының күрделілігіне қарамастан ішкі қарым-қатынастарда да коллизиялық, күйретуші деңгейдегі қайшылықтар бола қойған жоқ. Постсоветтік өмірді Қазақстан біршама саяси тұрақтылық жағдайында бастады. Ішкі саяси өмір тыныштығы елдің тәуелсіз даму эволюциясына қолайлы фактор болды. Полиэтникалық Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігінің саяси татулықты қалауы тәуелсіздікті алу үшін қызмет еткен басшы элитаның талап-мақсаттарына сай келіп, билік үшін жүргізілетін тартыс пен даудамайға жол берген жоқ. Халық пен билік иелерінің түпкілікті мүдделеріне тәуелсіз мемлекет болу жауап береді. Әрине, ешқандай қоғам еш уақытта азды-көпті тартыстан бос болмайды. Қазақстанда да егеменді мемлекетті жасау барысында түрлі жанжалдар болмай қалған жоқ. Алай да осылар елді бүлдіретін, қоғам іргесін шайқалтатын қатал қақтығыстырға ұласқан жоқ. Бұлай болғаны қазақстандықтардың бақыты. Бұрынғы Кеңес Одағының әр жерінде болып жатқан этносаралық қақтығыстардың, билік үшін таластың қанды соғыстарға ұласып жатқанын байқаған Қазақстан тұрғындары республикада мұндай шиеленіс болмауын ерекше қалады. Олар билік үшін таласқан, сепаратизмді мақсат тұтқан, ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздаған қандай да болмасын саяси қозғалысқа қолдау көрсеткен жоқ. Қазақстандағы саяси партиялар мен әлеуметтік-қоғамдық қозғалыстардың ел өміріне елеулі әсер ете алмағандығының басты себебі де осында. Бұл жағдайды ел басшысы Н.Ә. Назарбаев пен оның соңынан ерген басқарушы элита өз пайдасына шеше біледі. Қазақстан тұрғындарының көкейкесті мақсаты - елдегі татулық пен этносаралық тыныштықты элита да жан-жақты уағыздауда болды. Халық пен саяси жүйе арасындағы өзара байланыс оппозициялық күштердің өрістеуіне жол бермеді. Тәуелсіздік эволюциясының алғашқы кезеңінде оппозицияның әлеуметтік базасы болған жоқ деген пікір артық емес. Тек экономикалық дағдарыстың тереңдеуі, еңбекші топтардың, белсенділігін тудыра бастады.

Ал тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында елде тәп-тәуір өндірістік-аграрлық және энергетикалық-шикізаттық потенциал болды. Осыған қоса өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық ресурстары мен ғылыми күш те ойдағыдай еді. Өкініштісі, тәуелсіз дамуды іске асыратын осыншама мүмкіндіктері бола тұра Қазақстан дағдарысты жеңіп, позитивті даму жолына түсе алмай қойды. Республика 1991-1997 жылдар аралығында мемлекеттік егеменділіктің тарихи жақсылық екендігін дәлелдейтін, тәуелсіздіктің көпшілік бұқара үшін мән-мағынасын ашатын өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірде-біреуін өз мәнінде шеше алған жоқ. Керісінше, Қазақстанның өркениетті елдерден артта қалуы тоталитарлық социализм кезіндегіден де күшейе түсті.

Қоғамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін түрлі жүйелердің кері кеткені соншама оларды жуық мерзімде қалпына келтіру мүмкін емес.

Қазіргі сәтте әлеуметтік-экономикалық, рухани сфералардың, барлығының қызметінің бұзылуы мен дағдарысы айқын байқалуда. Әсіресе әлеуметтік инфрақұрылымының күйреу үрдістері аландатады. Денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі сәбилерді тәрбиелеу жүйелерінің қызметінің нашарлау, мәдени-ағарту мекемелерінің қысқаруы қауіпті межеге келді. Олардың жағдайын түземей ұлттың саулығы мен дамуын жолға қою мүмкін емес.

Шаруашылықтың тоқырауы жұмыссыздық пен қайыршылануды күшейтті. Мысалға, тек қана 1990-1994 жылдар аралығында жан басына шаққандағы жиынтық ұлттық табыс 2600 АҚШ долларынан 614 долларға кеңіген. Демек, төрт жылда орта есеппен кседейлену төрт есе өскен. Соңғы үш жылда халықтың қайыршылануы тежеле қойған жоқ. Тұтыныс заттарының құнының өсуіне халықтың ақшалай табысының өсуі артта қала берді. 1996 жылы жан басының орташа ақшалай табысы 1989 жылғы 20-ақ процентіне тең болған. 1996 жылы жан басының нақты орташа табысы 1995 жылдағыдан 11 процентке кем екен. 1996 жылдың 1-ші шілдесінде Қазақстанның 6378 кәсіпорыны мен ұйымдары қызметкерлеріне 37,6 миллиард теңге берешек болған. Жұмыскерлер жалақысын төлеу ел бойынша орта есеппен 3 ай мерзімге кешіктірілген.

Елдің еңбекші әлеуметтік топтарының кедейленуі бұқаралық мамандық иелерінің жаппай жұмыссыздығымен қабаттасты. 1989 жылы халық шаруашылығында 6494 мың адам еңбек етсе, 1995 жылы 4469 мыңы ғана қалған. 6 жыл ішінде Республикада жұмысшылар мен қызметкерлер саны 2 миллион адамға азайған. Мұнымен қоса басым көпшілік кәсіпорындар толық жұмыс күнінде қызмет етін отырған жоқ. Демек жартылай жұмыс істейтіндер де жүз мыңдап бар.

Өмірлік деңгейдің құлдырауы, жұмыссыздық пен әлеуметтік Вессимизм нәтижесінде Қазақстан тұрғындарының алыс және жақын шет елге миграциясы үдеді. 1991-1997 жылдар аралығында елден ресми деректер бойынша 1,5 миллион адам кеткен. Соның ішінде 600 мыңдай алыс шетелге миграцияланған. Тек 1994 жылдың өзінде ғана Қазақстан 410 мың адамнан айырылған. Әлеуметтік-демографиялық ресурстардың осыншама шығынын Қазақстан 30-шы ашаршылық жылдарынан кейін қазіргі кезеңде басынан кешіріп отыр. Республика қыруар қаржы шығарып дайындаған ғалымдарынан, дәрігерлерінен, мұғалімдерінен, инженер кадрлерінен айырылып отыр. Олардың орнын толтыру, мемлекеттің интеллектуалдық қуатын қалпына келтіру оңай емес.

Республиканың экономикалық дағдарыстан шықпауы елдің интеллигенциясының ахуалын тым нашарлатып жіберді. Зиялы қауым жағдайы шықпа жаным шықпа қасы. Интеллигенцияның бұқаралық мамандық иелері жағалай сауда, финанс пен коммерция сферасына ауысуда. Бұл үрдіс әлеуметтік саладағы ахуалды одан әрмен шиеленістіруде. Елдің негізгі

элеуметтік топтарының дағдарысқа ұшырауы жағдайында антиэлеуметтік топтардың белсенділігі байқалуда. Байлық пен билік біртіндеп қылмыскерлік, алыпсатарлық, мафиоздық топтарға ауысуда. Бүгінде қылмыскерлік топтар мен мемлекеттік шаруашылық аппаратының қауышуы нәтижесінде мафиозды мемлекеттік құрылым көрініс беруде. Бұл құбылыс егеменді мемлекеттің ірге тасын шайқалтатын қауіпті құбылыс. Мафиозданған, коррупцияланған билік болған ел ешуақытта өркениетті, демократиялық, құқықтық мемлекет құра алмайды. Тәртіп, әділет пен заңдылық болмаса егеменділіктің нығаюы қиын екендігін халық білмей отырған жоқ.

Қоғамның «таза», «сау» күштері мемлекеттік институттардың мафиоздалу үрдістін тоқтата алмай отыр. Саяси жүйесінің өзіне тән мемлекетпен халық мүдделерін қорғау функциясын орындай алмауы мемлекеттік аппаратты «зиянды», «кездейсоқ» кадрлардан тазарту шараларының маңызын арттыра түседі. Лауазым иелерінің ел қамын ойламауы салдарынан Қазақстанның байлықтары арзан бағамен шет елдерге сатылуда. Шикізаттың, кәсіпорындардың құны адам күлерлік бағамен шет ел бизнесмендеріне берілуде. Ел байлықтарының талан - таражға түсуі толастамаса экономикалық тәуелсіздік болуы мүмкін емес. Шикізат және финанс ресурстарының ел экономикасын нығайтып, өркениетті нарықтық қатынастарды орнықтыру ісіне бағыттар, саясат қажет. Ондай саясаттың басты міндеті - шаруашылық пен материалдық байлықты басқаруды ұлттық, қазақстандық патриотизм рухына берік, еліне адал қызмет істейтін азаматтардың қолына беру. Әзірге шаруашылық билігі ұлттық рухани мұраттарды, қазақи ұлттық менталитетті қабылдамайтын маригиналданған бизнесмендер мен іскерлер қолында. Олардың идеологиясын уағыздайтын ғалымдар тобы мен ақпарат арналары да ықпалды. Аткарушы билікте де осы топтың позициясы нығайып келеді. Олар Қазақстанды тек жалпы адамзаттық мұраттарды ғана жақтаушы мемлекет ретінде қалыптастыруды көксейді. Иесі жоқ, ұлттық келбет пен мақсаттардан айырылған елді тонау оңай. Ұлттық мақсат, қазақ тілі мен дәстүрлерінің күшейуі, тарихи сананың ықпалының артуы маригиналданған топтарға қауіпті. Сондықтан «ұлттық нишадан» аулақтаған адамдар лауазымды қызметке келген жағдайда ұлттық мұраттарды қорғайтын, олардың дамуын ынталандыратын заңдардың қабылдануына бөгет жасайды. Осындай әрекеттер нәтижесінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң да алғашқы жобасындағы батыл ұсыныстарынан айырылды. Тағы да мемлекеттік қазақ тілін орыс тілімен теңестіру ықпалында қалды.

Бойында ұлтжандылық пен қазақстандық патриотизмнің ұшқыны «бейұлттық» топтың атқарушы биліктен заң шығарушы, сот билігі тармақтарына қол салуына бөгет боларлықтай ресми-мемлекеттік саясат күн тәртібіне қойылмай отыр. Үміт - Президентте. Ел басы саяси жүйедегі осы кереғарлықты

ретке келтіруі қазақ этносы келешегі үшін үлкен жақсылық болар еді.

Отаншылдық және ұлтжандылық рухтағы шығармашылық интеллигенция ұлтына көсем болу сатысынан төмендеп қалды. Онда бірлік, мақсат пен арман тұтастығы жоқ. Ұлттық интеллигенция рушылдық, күншілдік, жершілдік сияқты ауытқулар ауруынан құтыла алмай қойды. Ұлттық зиялы қауымның біріккен күшіне айналуына бөгет болып отырған фактордың бірі олардың арасында бүкіл халық болып мойындайтын «Серке» - лидердің болмауына да байланысты болса керек. Әзірше ұлттық интеллигенцияда саяси билік, рухани ықпал және бедел аз. Себебі, осы топ тәуелсіз Қазақстанның байлығы, білімі, кәсіптік мамандығы сайма-сай интеллектуалдық элитасын құрап отырған жоқ. Қоғамдық күштердің маңызды міндеттерінің бірі ұлттық рухпен қаруланған интеллектуалдық элитаны неғұрлым жылдам қалыптастыру. Осылай болғанда күрделі организмнің негізгі салалары ұлттық мүддеге қызмет ете бастайды. Ал, ұлттық шығармашылық және технократиялық интеллигенцияның рухани - адамгершілік және шаруашылық ықпалының әлсіреу үрдісі тереңдей беретін болса, қазақ ұлтының мүдделерінің аяққа тапталуы, оның дегуманизациялануы мен маригиналдануы, қайыршылануы мен ресми билікке наразылығы үрдістері де тереңдей бермек. Бұлай бола беруі әлеуметтік коллизияға жетелейтін қауіпті құбылыс. Қазақстан қоғамын қалыпты табиғи даму эволюциясына түсіру, түрлі девянттық, ауытқу құбылыстарынан құтқару қазіргі саяси жүйенің ең маңызды тағдырлық міндеті болып табылады.

Осымен бірге Қазақстанның қалыпты эволюциясы елдің экологиясын сауықтыруға, халықтың денсаулығын жақсартуға, энергетикалық мәселелерді шешуге, еңбекші топтардың материалдық әл-ауқатын жақсартуға да байланысты. Зейнеткерлердің дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ету ісі де әлеуметтік саланы өркендетудің приоритетті міндетіне айналып отыр. Мысалы, 1990-1995 жылдар аралығында зейнеткерлердің ел тұрғындарының жалпы санындағы үлес салмағы 14 пайыздан 17,1 пайызға дейін көтерілген. 1990 жылы әр мың адамнан 171 зейнеткер болған. Бұл істе шын мәнінде өмір деңгейі нашар адамдарға нақты әлеуметтік көмек көрсету, жалғызбасты қарттарға мемлекеттік қамқорлық жасау сияқты шараларды іске асыру дұрыс. Зейнеткерлер санын жасанды түрде көбейткен заңда көрсетілген жас көлемінен бұрын зейнеткерлікке шығару ісінен бас тарту абзал. Милиция, армия т.б. құрылымдардың қатарынан зейнеткерлікке шығу деңгейі де тым ерте. Бұл істе үнемділік пен мұқияттылық тым қажет. Қоғам еңбекке қабілеті бар азаматтық зейнетақымен өмір сүруін емес, өз еңбегінің табысымен өмір сүргенін қалауы абзал. Демек, зейнеткер жасына жеткен адам өз жұмысын жалғастыра беруі қажет деп ойлаған жағдайда, ал жұмыс орны сол маманның кетпегенін қаласа ол қызметкерді еңбектен қол үздірудің, зейнеткерлер санын көбейтудің қажеті қанша. Сондықтан әлеуметтік саланың осы бағытын

реформалаудың соны амалдары керек. Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту қартан тартқан адамдарына әділетті қамқорлық жасауына, олардың жасампаз еңбекке араласуына да тәуелді.

Дағдарыстық ахуал жағдайында қоғамның қалыпты эволюцияға оралуы жоғарыда айтылған міндеттермен қоса мемлекеттік саясатта төмендегідей міндеттерді шешуді қажет етеді:

1 экономиканы, әлеуметтік құрылымды және мәдениетті модернизациялау республика азаматтарының әл-ауқатын көтеруге бағытталуы тиіс. Нарықтық реформалардың жеке ғана топқа қызмет етуін нығайту міндет. Қоғамның кедейлер мен байларға поляризациялануын доғармайынша Қазақстан қалыпты эволюциялану жолына түспейді;

2 қоғамдық қатынастар мен институттардың құрылымдық жүйесін қайта құру, дамудың мәдени-тарихи, техникалық-технологиялық типтерін өзгерту, Қазақстан халқының басым көпшілігін нарықтық экономикаға икемдеу, адаптациялаудың жан-жақты шаралармен қас-қабат игергені дұрыс;

3 елдің саяси жүйесі жаңа ғылыми, технологиялық, құрылымдық, институционалдық негіздегі толыққанды ұлттық рынок жасауға қызмет етеді. Ондағы мақсат - бәсекелестік өзін-өзі реттеуді және мемлекеттік реттеуді ұштастыратын әлеуметтік бағыттағы экономиканы жасау. Саяси жүйе жеке меншікпен қоса мемлекеттік меншіктің нығаюына қамқорлық жасауы қажет. Мұнымен қоса ұлттық іскерлер, бизнесмендердің әлеуметтік қабатын күшейту негізгі міндеттердің бірі болып қалып отыр. Ұлттық бизнес қабаты Қазақстанның мемлекеттік-ұлттық мүдделері мақсатына қызмет еткізу маңызы арта түсуде. Олардың мемлекеттік мүдделерді өздерінің іскер мүдделерімен ұштастыруға қабілеттілігі. Қазақстанның табиғат шикізат ресурстарының талан-таражға түспеуінің, ұлттық финанс ресурстарының шет елдер банктеріне көшпеуінің бірден-бір кепілі болмақ;

4 жаңа типтегі нарықтық қатынастар елдің экономикасының шикізаттық сипатын біртіндеп жоюмен сипатталады. Тек шикізат шығарумен өркениетті елдер қатарынан көріне алмайтындығымыз бесенеден белгілі болды;

5 постсоветтік кеңістіктегі Қазақстанның эволюциясы демократияның дамуына байланысты. Егеменді мемлекеттің құқықтық, демократиялық саяси жүйе негізінде дамуы, президенттік республика формасының көп партиялық жүйемен ұласуы, биліктің негізгі тармақтарының өзіне тән функцияларын орындау қабілеттілігі елдің өркениеттілікке көтерілуінің кепілі болмақ;

6 мемлекеттік қалыпты дамуының мәнді факторларының бірі адамдардың саяси мәдениетін қалыптастыру, идеологиялық жұмыс. Коммунистік идеология күйрегеннен кейін қазақстандықтар санасында идеологиялық вакуум пайда болды. Оны жаңаша дүниетаныммен, қазақстандық идеологиямен толықтыру қажет. Тәуелсіз елдің танымы титулды қазақ этносы дінімен, ұлттық құндылықтармен қоса әлемдік прагматистік, любериалистік және гуманистік

ойлау дәстүрлерімен ұдайы толығады. Осындай идеология полиэтникалық қазақстандықтар татулығын сақтауға, саясат пен билік субъектілері арасындағы қарым-қатынастарды демократизациялауға көмектеседі. Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды демократияландыру, гуманизацияландыру елдің әлемдік өркениеттілік үрдістеріне қосуын жеңілдетуге түседі;

7 елдің бүкіл жүйесінің паракорлық пен жемқорлықтан тазалануы, демократиялық өзгерістерді тереңдетуге қызмет етуі келешек дамуға жағдай жасайды. Мемлекет әлеуметтік қамқорлыққа шын мұқтаж азаматтарына көмектеспесе абыройы болмайды. Сондықтан саяси жүйесінің әрбір элементі өз жұмысын полиэтникалық Қазақстан тұрғындарының мүшесі үшін, тәуелсіз елдің болашағы үшін қызмет етуге бағындыру керек.

Сол себепті, Қазақстанның әрі қарай дамуына және көркейуіне түрлі шараларды іске асыру басты міндеттердің бірі болып табылады.

Резюме

Статья посвящена развитию процесса демократизации общества Казахстана после обретения независимости. Автором предложены пути преодоления кризиса.

Resume

The article is devoted to development of the democratization process in the independent Kazakhstan society. The author offers the ways of crisis overcoming.

ӘОЖ 323:81,272(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

М.Мухтарова

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мемлекеттік тіл-этносаяси категория, ұлттық тілден айырмашылығы бір ғана этнос мүддесін қорғамауы тиіс, мемлекеттегі өмір сүріп отырған барлық халықтар мүддесін қорғауы тиіс. Мемлекеттік тіл қоғамдық өмірдегі маңызды функцияларды атқарады. Осы тілде елдің дипломатиялық

өкілдерінің қызметін жүзеге асыратын халықаралық шарттар жасалады, ресми қабылдаулар өткізіледі, заңдар қабылданады. Мемлекеттік тіл адамға толыққанды қызмет етуі тиіс, оның ішінде білім мен ғылымда, саясатта адамдар осы тілде қарым-қатынас жасауы немесе өз пікірін білдіруі тиіс. Мемлекеттік тілге мәртебе берілуі саяси жүйедегі маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік тілмен бірге әрбір этностың ана тілінің бір деңгейде дамуы басты назарда болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік тіл туралы былай деп атап көрсетті: “Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып үйренуге, білуге тиіс. Бұл орайда, бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде болатынын ескеру орынды” [2].

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тіл саясаты.

Біріншіден, империкалық өктемдік тіл саясатынан мүлдем ерекше.

Екіншіден, ол тәтті қиялға емес, халық өмірімен тығыз байланысты, қазіргі кездегі ахуалға сәйкес жасалған.

Үшіншіден, негізінен тілдік саясатта батыл да нақты мақсат қоя алған.

Төртіншіден, тілдік қатынастардың саяси-құқықтық негіздері одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі неғұрлым маңызды функциялар атқарады. Бұл, ең алдымен, мемлекеттің барлық заң актілері қабылданатын тіл. Мемлекеттік тіл ресми шараларда, қызметтік хат-хабарларда, іскерлік қарым-қатынастарда қолданылатын тіл. Азаматтардың өтінішіне жауаптар да мемлекеттік тілде беріледі.

Мемлекеттік тілде барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар, Қарулы Күштер жұмыс істейді. Есеп-санақ, қаржылық және техникалық құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Және де мемлекеттік тіл елімізде сот ісін жүргізудің негізгі тілі болып табылады, сондай-ақ, бұл тілде елдің дипломатиялық өкілдерінің қызметі жүзеге асырылады, халықаралық шарттар жасалады, ресми қабылдаулар өткізіледі.

Мемлекеттік тіл төлқұжат, тууы туралы куәліктерді, білім жөніндегі құжаттады бергенде, тағы басқа ресми ұйымдардың атауларын жазғанда, оладың мөрлерінде, сонымен қатар мандайша жазуларда, хабарландырулар мен, көріністі ақпаратта міндетті түрде қолданылады.

Мемлекеттік тілдің қолданылуы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат және коммуникация құралдарында міндетті болып табылады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда тіл саясаты зерттеудің негізгі бағыттары анықталған. Олар:

-Қазақ-орыс қос тілділігі мәселесін елдегі тілдік процесстерді позитивті дамытуға жеткізетін негізгі бағыт ретінде бағалайтын зерттеулер.

-Мемлекеттік тілдің дамуын, толыққанды болуын шешуші даму бағытты реттерде есептейтін зерттеулер.

-Қостілдікті де, мемлекеттік тілді де екінші кезекке қоятын, Қазақстанда орыс тілінің басымдығы бірінші кезекке қоятын зерттеулер. Қазақстанның тілдік даму келешегін көптілділікпен байланыстыратын зерттеулер ретінде топтастырылуға болады.

Осы төрт топтағы ғалымдардың да аргументтік базалары қомақты. Өздерінің пікірлерінің дұрыстығына көз жеткізетін дәлелдері де жетерлік. Қазақстандағы тілдік ахуалдың күрделігін мойындай отыра олар өздерінің пікірлерін елдегі тіл мәселесін шешуінің негізгі жолы деп есептейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда ұлтаралық қостілділік мәселесін жете түсінбеушілік болғанына назар аудару керек. Қарапайым халық қостілділік факторін “екі тілде бірдей сөйлей білу” деп түсінді де, сол себепті қазақ тіліне қоса орыс тілін білген адам қос тілді деп танылды. Ғылыми пайымдау бойынша бұл қате түсінік. Нақтылы өмірдегі қостілділік дегеніміз екі халық өкілдері бірінің тілінде бірі сөйлесе білуі, екі тілдің арадағы ортақ та, тең қызметті. Бұл ретте осыған дейін насихатталып келген қостілділік – бір жақты қостілділік. Мұндай қостілділік саясаты кеңестік жылдарда мемлекеттік мәртебесі болмаған қазақ тіліне зардабын қатты тигізді, оның одан әрі қалыптасып дами түсуіне кедергі жасады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, екі жақтан бірдей қолданыс таппаған қостілділік де “бәсең тіл” “басым тілдің” бодауында кетеді оның қызметі шектеліп, аясы тарылды, сөйтіп ол дағдарысқа ұшырайды [3].

Қазақстанның тіл саясатын даму эволюциясын соңғы жүз жылдықтағы төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

-(1920-1938 жылдар)- қазақ –орыс қостілділік кезең;

-(1938-1987 жылдар)- орыс тілінің басым болуы, қолданыс аясының шектен тыс кеңейтілуі мен қазақ тілінің бәсеңдеуі;

-(1987-1995 жылдар)-әкімшілік шаралар негізінде қазақ тілінің формальді түрде мәртебесінің көтерілу кезеңі;

-(1995 жылдан осы күнге дейін) – қостілділіктің саяси жүйеге толыққанды енуі, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі және әлеуметтік өмірдегі орыс тіліне ресми мәртебесі берілуі. Қазақ тілін өркендеуін жүйелі мемлекеттік шараларының іске асырыла бастауы[4].

Мемлекеттік тіл саясатының негізгі міндеті республика ауқымында қазақ тілінің тұтастығын сақтау болып табылады. Оның мәнісі мынада: мемлекеттік тіл бір аймақта үстемдік етіп, ал екінші бір аймақта толық іске қосылмай қалуына жол бермеу. Оңтүстік аймақта өзбек тілі, солтүстік аймақта орыс тілі қолданыста басым болып жатса не болмақ? Ал, екінші мәселе - қазақ тілінің өмірдің барлығы салаларында қолданылу қажеттілігі. Бірақ ол әліде болса азаматтарымыздың және мемлекеттік ұйымдарының қарым-қатынастарында тиісті дәрежеде қолданыс таппай келеді.

Мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді барлық азаматтардың арнайы белгіленген көлемде меңгеру үшін

жағдай туғызу болып табылады. Осы мақсатта халық топтарының этикалық, демографиялық, кәсіби ерекшеліктеріне сәйкес ақысыз оқыту орталықтарын құру қажет т.б. іс-шараларды жүзеге асыру қолға алынуда.

Корпаративтік әдіс саяси - құқықтық тәжірибеде әр елде тілдің дамуын және тіл саясатының бірнеше варианттарын көрсетеді. Тіл саясатын жүргізуге шетелдік озық тәжірибелерге көңіл қойып, зер салған жөн. Егемендікке қол жеткізген мемлекеттердің арасында тіл мәселесін оңтайлы шешуде сындарлы саясат ұстаған елдер баршылық. Солардың бірі, Оңтүстік –Шығыс Азия аймағында орналасқан Малайзия мемлекеті.

Малайзия мемлекеті өз тәуелсіздігін алған 1957 жылдан бастап ұлттық малай тілін дамыту жолындағы тәжірибесі бүгінгі еліміздегі пайда болған тілдік қатынастарды реттеуде үлгі болары сөзсіз. Осы орайда тіл саясатын жүргізудегі Малайзия тәжірибесімен танысу көп жағдайда салыстырмалы түрде қарауға итермелейді. Малайзия халық саны жағынан көпэтносты және көпконфессиялы болғандықтан Қазақстанмен ұқсас. Бүгінде малайлықтар халықтың 55 пайызын, қытайлар 30 пайызын, үнділер 10 пайызын құрап отыр. Тарихына үңілсек, отарлықтан көз ашпаған ел, VII ғасырда үнді-қытай Фунань мемлекетінің, VI-VIII ғасырлар аралығында үнді империясы Шриваджаяның, VIII ғасырда қытай мемлекеті - Сукотаның, XI ғасырда Португалияның, 1641 жылы Голландияның, 1824 жылы Ұлыбританияның отары болу қай жағынан алсақта жергілікті халыққа оңай соқпағаны аян. Соған қарамастан тәуелсіздігін алған Малайзия мемлекеті малай тілін тірілтіп, соңғы 45 жыл ішінде халқының көп бөлігін құрайтын қытайлықтар мен үнділіктерді және басқа ұлт өкілдерін малай тілінде сөйлейтін жағдайға жеткізген. Осыған дейін (тәуелсіз мемлекет болғанға дейін) көп ғасырға созылған отаршылдық әсерінен ағылшын тілі элиталық тіл ретінде саналды және қоғамның барлық саласына қажетті тіл болды. Ал, мал ай тілінде білім беру XX ғасыр басында жергілікті дін өкілдері және миссионерлер күшімен ашылған бастауын төрт жылдық мектептер бір-екі жылдық колледждерде алғаш оқытыла басталды. Малай тілі негізінен жергілікті тұрғындар шоғырланған ауылдық жерлерде ғана қолданылды.

Бүгінгі таңда малай тілін қолдану аясы 100 пайыз болып отыр. Елдегі барлық ресми іс-шаралар тек қана малай тілінде өтеді. Тіл мемлекеттік және бизнес құрылымдарында, білім беруде, тұрмыста белсенді қолданылады. Ұлттық тілдің үстемдік етуі малайлық емес басқа ұлттар тарапынан ешқандай қарсылық тудырмайды және Малайзияның қазіргі қоғамының табиғи заңдылығы іспетті. 2020 жылдар Малайзия елі малай тілін БҰҰның жұмысшы тіліне айналдыру мақсатын көздеп отыр[5].

Бұл жетістіктерге олар қалай жетті деген сұрақтың туары сөзсіз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылдаған заңдар мен саяси өзгерістер жас үкіметке тіл саясатын табысты іске асыруға кепілдік болмады. Тіл

саясатын жүзеге асыру қиын міндеттердің бірі болды. Оның табысты іске асуына елдегі тұрақтылық, үкіметтің адамдарға деген жоғарғы деңгейдегі қамқорлығы, ұлтаралық бірлік пен этникалық топтардың бір – біріне деген шынайы сыйластығы үлкен ықпал етті.

Малай тілінің осындай дәрежеге көтерілуі әр түрлі тосқауылдарды оңтайлы шешудің нәтижесінде болып отыр. Алғашқы жылдары басқа ұлт өкілдері ұлттық тілді үйренуге қызығушылық танытпады. Малайлық еместер тіпті ресми тіл ретінде ағылшын тілін бекіткілері келді. Бұл ретте қытайлық тұрғындар белсенділік танытты. Олар малай тілін үйренуге ниет білдірмеді және балаларын жеке меншік қытай тілді немесе ағылшын тілді мектептерге беруге тырысты. Үкімет алдымен адамдардың малай тіліне қызығушылығын ояпай бұл бағытта жетістікке жету мүмкін еместігін түсінді. Ал, малай тілін мәжбүрлеп оқыту ұлтаралық қақтығыстарға әкелетін еді. Ресми билік органдары бұл тұрғыда малайлық емес тұрғындардың өз еріктерімен малай тілін үйренуіне белгілі бір идеологиялық қолдау жасау қажеттілігін түсінді және малай тілін Малайзия этностарын біріктіретін құрал ретінде насихаттай бастады. Алғашқыда екі жақты талқылаулар болды, Британ отаршылдығына дейін қолданылған араб алфавитін енгізу немесе латын графикасына көшу таңдауға түсті. Үкімет латын алфавитін қолдануды құптады. Сондай ақ араб жазуын қолданамын деушілерге де ерік берілді. Малай тілін білмейтін малайлық емес тұрғындардың мүддесі де ескерілді. Үкімет латын графикасына көшу халықтың негізгі бөлігін құрайтын қытайлар мен үнділердің ұлттық тілді үйренуіне ықпал етеді деп сенді.

Малайзияның көп этникалық қоғамында малай тілін дамытудың негізгі тетігі білім беру саласы болатын. Тәуелсіздік алғанға дейін Малайзия мектептері төртке бөлінетін (ағылшын тілді, малай тілді, қытай тілді және томиль тілді). Малайзияның білім беру саласында малай тілін қолданудың алғашқы қадамы 1961 жылы қабылданған Білім туралы акті еді. Осыған сәйкес қытай және томиль мектептері бастауыш мектеп деңгейіне дейін қысқартылды, ал орта білім беру тек ағылшын және малай тілдерінде жүзеге асты. 1969 жылы Білім туралы енгізілген өзгеріс тіл саясатын жүзеге асыруда шешуші роль атқарды. Мұнда барлық орта мектептерде білім беру тек малай тілінде жүргізілсін делінді. Осы шараның жалғасы ретінде 1970 жылы ел астанасы Куала – Лумпурдағы Малайзия Ұлттық Университеті тек малай тілінде білім беруді қолға алды.

Мемлекет халықта малай тілінде біртіндеп кезеңмен көшіру үшін арнайы 10 жылдық үйрену мерзімін белгіледі. Осы аралықта малай емес халықтардың тілді үйренуіне барлық мүмкіндік жасалды. 1967 жылы Үкімет мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде малай тілін тұрақты қолдануды талап ететін ұлттық тіл туралы, Акті қабылдап ағылшын тілін тек сот тілі ретінде ғана қалдырды. Елдің соттары 1981 жылғы үкіметтің арнайы

директивасынан ғана ұлттық тілге көшті. Сонымен қатар үкімет көп этносты қоғамда малай тілін жоспарлы түрде енгізу үшін малай тілінің өзін жетілдіру қажет дап тапты. Лингвистер егер ұлттық тілдің сөздік қоры қазіргі ғылым жетістіктерінен кешеуілдеп жатса, онда тілге қытайлар мен үнділіктер ғана емес, малайлықтардың өздері де ықылас білдірмейді деді. Атап айтқанда, экономика, саясат және мәдениет саласында малай тілінің терминологиясын жасау қолға алынды, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы малай тілін жоспарлы енгізудің басты бөлшегі ретінде терминология бір ізге түсті.

